

Ж.И. ТАГАНОВ, Р. ДІЛБАРХАН-ҰЛЫ, Қ.Қ. ҚОЖАНОВА
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық Университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФАРМАЦЕВТИКА НАРЫҒЫНДАҒЫ ГЕЛЬДЕРДІҢ МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУЛЕРІ (ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ)

Статистика бойынша әлемде әрбір бесінші адамды белдегі және буындардағы ауру сезімі мазалайды. Қазіргі кезде тірек-қимыл аппараттарындағы болатын аурулар түрі жас жағынан жасарды деуге болады, өйткені аталған ауруға шалдыққандардың жасы орта жастағылар. Бұл жағдай бір орында отырып жұмыс істеуге, физикалық жұмыс күшінің бірқалыпты болмауы, экологиялық жағдайларға және т.б. себептерге байланысты. Көбінесе бұл аурудың козуы салқын ауа райында болады. Тірек-қимыл аппараттарындағы болатын ауру сезімдерінің пайда болу себептері әртүрлі аурулардың артрит, артроз, остехондроз, омыртқааралық дискілердегі грыжа, әртүрлі жарақаттар, миалгия және бұлшық ет спазмдары және т.б. салдарынан туындайды. [1,3,4].

Тірек-қимыл аппараттарындағы болатын ауруларды емдеуге түрлі әдістер: физиотерапия, рефлексотерапия (инемен емдеу), емдік физкультура, түрлі массаждар және дәрілік препараттармен емдеу қолданылады. Дәрі-дәрмектер арасында аталған аурулардағы ауру сезімін басуға және емдеуге сыртқы денеге қолданылатын дәрілік қалыптар: гелидер, жақпа майлар, кремдер, бальзамдардың алатын орыны ерекше. Олар жеке препарат, сонымен қатар комплексті емде де қолданылады. Осы аталған дәрілік қалыптар ішінде гелидердің қолданылуы соңғы жылдары артып келеді. Гелидер жақпа майлармен салыстырғанда перспективалы дәрілік қалып. Бұл жағдай гелидердің дәрілік қалып ретіндегі келесі артықшылықтарының – гели рНы тері рН өте жақын болуы, өндіру жылдамдығы, тері саңылауларын бітпеуі, жылдам және біркелкі таралуы, гелидер құрамына гидрофильді дәрілік заттарды енгізу және суспензия типінде өндіру мүмкіндігі – болуымен сипатталады [5].


Гель – тұтқыр консистенциясы бар, формасын сақтай алатын және беріктік және пластикалық қасиеттерге ие жұмсақ дәрілік қалып. Дисперстік жүйе типі бойынша гидрофильді және гидрофобты гелидер деп бөлінеді.

Гель – өзінің пішінін иілгіштігін және пластикалығын сақтайтын тұтқыр консистенциялы жұмсақ дәрілік қалып.

Жоғарыда аталған гелидердің артықшылықтарын ескере отырып, осы дәрілік қалыптың Қазақстан Республикасы фармацевтикалық нарығындағы маркетингтік зерттеулері жасауды ұйғардық.

Маркетинг зерттеулер – бұлар маркетинг шешімдерін қабылдау үшін, белгісіздікті азайту, мәліметтерді жинау, оңдеу және талдау үшін қажет [1].

Отандық нарықта бүгінгі таңда дәрі-дәрмектер жеткілікті мөлшерде. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтерінде 20.06.2012 жылы Қазақстан Республикасына 7376 –ге жуық дәрілік құралдар тіркелген, оның ішінде жұмсақ дәрілік қалыптар (жақпа майлар - 194, пасталар- 9, гелидер- 123, кремдер- 112, линименттер -16) – 454 , бұл мәліметтерден гелдер - 123, яғни 27%-ды құрайтынын көруге болады [2]. Оны график түрінде келесідей бейнелеуге болады:



Қазақстан Республикасына жұмсақ дәрілік қалыптардан қаржылар 100-ден аса шет елдердің (Германия, Австрия, Португалия, Бельгия, Швейцария, Польша, Венгрия, Словения, Италия, Эстония, Индия, Иран, Ресей және т.б) фармацевтикалық фирмаларынан келіп түседі.

Қазақстан Республикасы нарығына жұмсақ дәрілік қалыптар ассортиментінің көпшілігі төмендегі шет елдердің фармацевтикалық фирмаларына тиесілі: «Нижфарм» (Россия), «Schering», «Bayer», «Schering – Ploug» (Германия), «Ranbaxy, Lupin, Microlabs, Glenmark, Agio» (Индия), Польша, Борисовский ЗМП (Белоруссия), Борщаговский ХФЗ, ФФ «Дарница» (Украина), «Schering» (Италия), Таллиннский завод АО (Эстония), «Gedeon Richter» (Венгрия), «Lek, KRKA» (Словения). Қалған фирмалар 1-ші кестеде 1 мен 4 аралығында көрсетілген.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасында тіркелген жұмсақ дәрілік қалыптардың шетелдік өндірушілері

№ р/с	Өндіруші ел	Фирма атауы	саны	% мөлшері
1	Германия, Португалия, Бельгия	Schering, Bayer, Schering – Plough	22	4,9
2	Индия	Lupin, Ranbaxy, Microlabs, Glenmark, Agio.	20	4,5
3	Швейцария	Novartis	5	1,0
4	Польша	Jelfa	20	4,5
5	Венгрия	Gedeon Richter	8	1,8
6	Словения	Lek, KRKA	8	1,8
7	Италия	Shering	9	2
8	Эстония	Таллин ФЗ	9	2
9	Ресей	Нижфарм, Алтайвитамины	43	9,7
10	Украина	Борщаговский ХФЗ, Дарница ФФ және т.б.	16	3,6
11	Белоруссия	Борисов МПЗ	19	4,3
12	Литва	Sanitas	5	1,1
13	Басқа елдер	1-ден 4 атауға дейін	235	52,8

Кестенің мәліметтерінен тіркелген жұмсақ дәрі қалыптардың 94 % басқа жақын және алыс шет елдерден импортталған. Қазақстандағы тіркелген гельдер ассортиментімен таныса келе, 94.3% шет елдерден импортталатынына куә боламыз, қалған 5,7% отандық өндіруші- “Химфарм АО” үлсіне тиесілі болып шықты. Бұл гельдер: Гепасан, Диклофенак, Комфорт-Гель, Дентогель, Трокседин, Камесан және Кетотоп [2]. Бұл көрсеткіш өте аз. Президентіміздің 2010 жылғы № 958ші қаулысында “Отандық дәрілердің өндірісін көбейту есебінен, ұлттың денсаулығын және елімізді қауіпсіз дәрі дәрігерлермен қамтамасыз етіп, 2014 жылдың соңында ішкі нарықта отандық дәрілердің үлесін 30%тен 50%ке дейін көбейтуіміз керек” –деп көрсетілген [7]. Сондықтан отандық шикізаттар негізінде гель түріндегі дәрілік құралдар ассортиментін кеңейту жұмыстары ғылыми зерттеулерге негіз болады деп түйіндеуге болады

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Котлер Ф. Управление маркетингом. — М., 1980. — 176б.
- 2 ҚР Дәрілер заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдардың мемлекеттік тізімі-2012ж,шілде
- 3 Д. Н. Синев, И. Я. Гуревич. Технология и анализ лекарств. - Л.: Медицина 1989-367 бет.
- 4 Промышленная технология лекарств // Чуешов В.И., Чернов Н.Е., Хохлова Л.Н. и др.; под ред. Чуешова В.Е. - Харьков, издательство НФаУ «МТК-Книга», 2002.-Т.2. 428-443 беттер.
- 5 Промышленная технология лекарств: учеб. в 2-х т. Т. 1 / В.И. Чуешов, А.И. Зайцев, С.Т. Шебанова, Н.Е. Чернов и др.; Под ред. проф. В.И. Чуешова. -Х.: Основа; Изд-во УкрФА, 1999. - 560 бет.
- 6 ҚР Президентінің 19 марттан күшіне енген 2010 жылдағы № 958 шы қаулысы
- 7 Ділбарханов Р.Д., Датхаев У.М., Амантаева М.Е., “Жақпа майлар” Алматы 2005жыл, 35-38 бет

Резюме: По сравнению с мазями, гели являются крайне перспективной лекарственной формой, так как имеют pH близкий к pH кожи, быстро изготавливаются, не закупоривают поры кожи, быстро и равномерно распределяются, в гели можно ввести гидрофильные лекарственные вещества, можно изготовить суспензионные гели (например, гель с серой).

В настоящее время идёт активное изучение свойств гелевых полимеров (российских — Арепол, МАРС; бельгийских — Ultrez 10; немецких — Carborol 940, Carborol 941, Carborol 2020 и Carborol 2001) с целью внедрения в фармацевтическую практику множества мягких лекарственных форм на гелевой основе.

Основные направления совершенствования качества и технологии гелей.

Resume: Compared with ointments, gels are very promising dosage form because they have pH close to the pH of the skin, quickly made, do not clog the pores of the skin, quickly and evenly distributed in the gels can introduce hydrophilic drugs can be prepared suspension gels (eg, gel and sulfur).

Currently there is an active investigation of the properties of gel polymer (Russian - Arespol, Mars, Belgian - Ultrez 10; German - Carborol 940, Carborol 941, Carborol 2020 and Carborol 2001) in order to introduce in pharmaceutical dosage forms set to a gel base. Key issues for improving the quality and technology of the gels.